

Мұнайлы аудандық мәслихатының "Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемді тағайындау және көрсету туралы" 2007 жылғы 11 қазандағы N 2/25 шешіміне толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Мұнайлы аудандық мәслихатының 2008 жылғы 20 ақпандағы N 4/52 шешімі. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2008 жылғы 20 наурызда N 2006 тіркелді. Күші жойылды - Мұнайлы аудандық мәслихатының 2010 жылғы 27 шілдедегі № 27/276 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Мұнайлы аудандық мәслихатының 2010.07.27 № 27 /276 шешімімен.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы ", Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі " Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы " және Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі " Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы " Заңдарына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ** :

1. "Азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік төлемдерді тағайындау және көрсету туралы" аудандық мәслихаттың 2007 жылғы 11 қазандағы N 2/25 шешіміне, (N 1985 тіркелген, "Маңғыстау" газетінде 2007 жылғы 29 қарашадағы N 198-199 санында жарияланған) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген 1-ші қосымша кестесінің 4-ші реттік нөмірінің 1-ші бағаны мынадай редакциямен: Ұлы Отан соғысының Жеңіс күніне (9 мамыр) ;

2-ші бағаны мынадай редакциямен: Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен мүгедектері; Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен, медальдерімен марапатталған тұлғалар; 1941 жылдың 22 маусымы мен 1945 жылдың 9 мамыры аралығында кем дегенде 6 ай тылда жасаған жұмысы туралы мұрағаттан анықтамасы немесе еңбек кітапшасында жазбасы бар тыл еңбеккерлеріне; Ұлы Отан соғысында қаза болған, өлген, хабарсыз кеткен жауынгерлердің екінші рет некеге отырмаған жесірлері; Ленинград қоршауының тұрғындары; Фашистік концлагерлер тұтқындары; Ауған соғысының мүгедектері; Ауған соғысына қатысқан жауынгерлер; Ауған

соғысында қайтыс болған жауынгерлердің отбасы; ЧАЭС мүгедектері; ЧАЭС мүгедектеріне теңестірілгендер; ЧАЭС зардабын жоюға қатысушылар сөздерімен толықтырылсын.

2. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Б.Қайыров

Аудандық мәслихат хатшысы

Б.Назар

К Е Л І С І Л Д І

"Мұнайлы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі бастығы

Ж.Тұманбаева

" _____ " _____ 2008 жыл